ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 23 тамыз №5265-24-00-2/2401 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты С.Сейтжанұлының төрағалығымен оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Шымкент қаласы мәдениет, тілдерді дамыту және архивтер басқармасының «Әл-Фараби» атындағы қалалық ғылыми-әмбебап кітапханасы коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «Naz» Әліайдарқызы Назерке

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 147, 223-226, 229 -баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Шымкент қаласы мәдениет, тілдерді дамыту және архивтер басқармасының «Әл-Фараби» атындағы қалалық ғылыми-әмбебап кітапханасы коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Naz» Әліайдарқызы Назерке мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Naz» Әліайдарқызы Назеркеден мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер шешім көшірмесін алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде осы шешімді шығарған сотқа шешімнің күшін жою жайлы арыз беруге құқылы.

Шешімге наразы жақ Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік Кодексінің 403, 404 баптарына сәйкес осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін 1 (бір) ай мерзім ішінде Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық тәртіппен шағым, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **С.Сейтжанұлы**

Құжатқа қол қойылған: Сейтжанұлы С., 23.08.2024

Заңды күшіне енген күні: 03.10.2024, судья Сейтжанұлы С., 03.10.2024

5265-24-3-1/2557